

Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 Қаулысы.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидалары;
 - 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 1427 қаулысымен
бекітілген

Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартта осы Қағидаларда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсө, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

- 1) ішкі көшіп-қонушы – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам;
- 2) уәкілдеп тұрақты – тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында Қазақстан Республикасының ішінде өз бетінше қоныс аударушы адам;

болатын (тұратын) жері бойынша есепке алушуды (тіркеуді) жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

4) уақытша болатын (тұратын) жер – тұрғылықты жер болып табылмайтын және адам уақытша болатын (тұратын) мекенжайы бар ғимарат, үй-жай не тұрғынжай;

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу тәртібі

3. Ішкі көшіп-қонушыларды (он төрт жасқа толған) тұрғылықты жері бойынша тіркеуді, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алушуды (тіркеуді) мыналар жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының азаматтарын – жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша Мемлекеттік корпорация немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері;

халықтың көші-қоны саласындағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды – жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша Мемлекеттік корпорация арқылы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері.

Ішкі көшіп-қонушыны тіркеу орны оның занды мекенжайы болып табылады.

Азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері деп танылады.

Он төрт жасқа толмаған адамдардың (жас балалардың) немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері болып олардың занды өкілдерінің тұрғылықты жері танылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Ішкі көшіп-қонушының тұрғылықты жері бойынша тіркеу, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алу (тіркеу) тұрғын үйдің меншік иесінің/иелерінің (жалға берушінің) жазбаша берген келісімімен не электрондық-цифрлық қолтанбасы арқылы куәландырылған электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Тіркеуге меншік иесінің (жалға алушының) меншік құқығын растау үшін уәкілетті орган мекенжайдың тіркеу коды (МТК) бойынша "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үйге

меншік құқығы пайда болуының негіздерін растайтын меншік иесі туралы мәліметтер ақпараттық жүйелерден алады.

Тұрғылықты, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу тұрғын үйлерде, пәтерлерде, саяжай құрылыштарында, бау-бақша серіктестіктерінде, кооперативтерде, жатақханаларда, қонақ үйлерде, демалыс үйлерінде, санаторийлерде, профилакторийлерде, емдеу мекемелерінде, интернат-үйлерінде, пансионаттарда, қарттар үйлерінде, сондай-ақ адамдар тұру (булу) үшін пайдаланылатын ғимараттар мен үй-жайларда жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.05.2018 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Тұрғылықты жері бойынша тіркеуге, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алуға (тіркеуге):

1) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және тұрақты немесе уақытша тұру мақсатында мемлекет ішінде қоныс аударатын, сондай-ақ шет елдерден тұрақты тұрғылықты жерге не уақытша тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар;

3) шетелдіктер және босқын мәртебесін алған азаматтығы жоқ адамдар жатады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.06.2017 № 364 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Тіркелуге жататын ішкі көшіп-қонушылар, республикадан тыс жерлерден келген Қазақстан Республикасының азаматтары жаңа тұрғылықты жеріне, уақытша болатын (тұратын) жеріне келген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде үәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат (16 жасқа дейінгі балалар – туу туралы қуәлік);

2) тұрғын үй иесінің не сенім білдірілген адамның (тұрғын үй иесінің не сенім білдірілген адамның қатысуы қажет) жеке басын куәландыратын құжат және үәкілетті орган белгілеген нысан бойынша (адамдар тұру (булу) үшін пайдаланатын ғимараттарда және үй-жайларда тіркеген кезде – үйым (мекеме) әкімшілігінің тіркеу туралы қолдаухваты) өтініш білдірілген адамды тұрақты не уақытша тіркеуге тұрғын үй иесінің не сенім білдірілген адамның жазбаша келісімі.

Тұрғын үй иесін өзіне тиесілі тұрғын үйге тіркеу кезінде оның тіркелуге келісімі ұсынылмайды.

Республикадан тыс жерлерден тұрақты тұрғылықты жерге келген Қазақстан Республикасының азаматтары паспортын (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болған уақытта паспортын жоғалтқан не қолданылу мерзімі өткен жағдайда – қайтып оралуға арналған күәлік), бұрын тұрган елінен есептен шыққанын растайтын құжатты не бұрын тұрган елінің құзыретті органы берген азаматтығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Бұрын тұрган елінен есептен шыққанын растайтын құжаты, азаматтығы жоқтығы туралы анықтама болмаған кезде, азамат бұрын тұрган елінен көрсетілген құжаттардың бірі сұратылған (алынған) кезеңге уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Босқындар уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде тіркелу үшін бес күндік мерзімде осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.06.2017 № 364 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 23.05.2018 № 285 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Мынадай:

- 1) республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) сот тұрғын үйді пайдалану құқығынан айырылған деп таныған;
- 3) тіркеуден шығарылатын адамның қатысуының және оның жеке басын күәландыратын құжатсыз тұрғын үй, ғимарат немесе үй-жай иесінің өтініші бойынша;
- 4) қайтыс болған;
- 5) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға бұрын берілген рұқсат күшін жойған кезде ішкі көшіп-қонушылар тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылуға тиіс.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.06.2017 № 364 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Тіркелген және тіркеуден шығарылған ішкі көшіп-қонушыларды есепке алуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Ішкі көшіп-қонушыларды тұрғылықты жері бойынша тіркеу және тіркеуден шығару, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алу (тіркеу "Халықты құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" және "Шетелдіктерді құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" ақпараттық жүйелеріне мәліметтерді енгізу және оларды "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасына беру арқылы жүзеге асырылады.

Ішкі көшіп-қонушыларды жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеу, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алу (тіркеу) кезінде ақпараттық жүйеде бұрынғы мекенжайы бойынша тіркеуден алу бір мезгілде жүзеге асырылады.

Иелерінің қайтыс болуына байланысты олардың жеке басын қуәландыратын құжаттарының жарамсыздар санатына көшірілген не азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан ақпарат келіп түскен күн көрсетілген ақпараттық жүйелерде қайтыс болғандарды тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару күні болып табылады.

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасына енгізілген және "электрондық үкімет" веб-порталына берілетін мекенжай туралы мәліметтер жеке тұлғаны тұрғылықты жері бойынша тіркеу мекенжайын немесе тұрғылықты жері, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеуден шығаруды, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша, сондай-ақ бір мекенжай бойынша тіркелген адамдар туралы мәліметтерді есепке алушы (тіркеуді) растау болып табылады.

"Электрондық үкімет" порталы арқылы:

жеке тұлғалар – өзінің тіркелген мекенжайы туралы;

тұрғын үй иелері – бір мекенжай бойынша тіркелген адамдар туралы мәліметтерді аллады.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекаралас аумағының тұрғындары Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өткен жағдайда ішкі көшіп-қонушының тіркеу мекенжайын растайтын құжат Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі тәртібі туралы келісімге З-қосымшага сәйкес шекара маңы аумағындағы елді мекенде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын мәліметтер болып табылады.

Шекара маңы аумағындағы тұрғындарға тіркеу мекенжайы туралы мәліметтерді үәкілетті органның аумақтық бөлімшелері Мемлекеттік корпорация немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Егер тіркеу немесе тіркеуден шығару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол берілсе, тіркеу немесе тіркеуден шығару туралы шешімді ресімдеген үәкілетті органның аумақтық бөлімшесі, сондай-ақ жоғары тұрған істер органы немесе сот оның күшін жояды.

Мұдделі заңды немесе жеке тұлғалар тұрғылықты жері бойынша тіркеудің күшін жою немесе оны қалпына келтіру туралы талапты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде мәлімдейді.

12. Шекара маңы аумағындағы елді мекенде тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуді растайтын мәліметтердің тұрғылықты жері бойынша тіркеу және тіркеуден шығару үшін бланкілердің нысандарын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейді және береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Бір айдан астам мерзімге уақытша болу (тұру) үшін келген ішкі көшіп-қонушыларды ішкі істер органдары тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығармай келген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алады.

Уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алу (тіркеу) уақытша тіркеу болып табылады. Тұрғылықты жері бойынша тіркеу тұрақты тіркеу болып табылады.

Уақытша тіркеу бір айдан бастап бір жылға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады.

Қызметтік міндеттерін орындау, оқуда болуы тұрғылықты жерінен тыс жерде ұзақ тұруымен (бір жылдан астам) байланысты адамдар (растайтын құжат болған кезде) тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығармай міндеттерін орындау үшін қажетті бүкіл мерзімге есепке алынады.

16 жасқа толмаған балалар, адамдардың тыныс-тіршілігін шектейтін организм функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығында кінәрат бар емдеу мекемелеріндегі азаматтар, вахталық әдіспен жұмыс істейтін адамдар, уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алынуға (тіркелуге) жатпайды.

Уақытша болатын жерінен мәлімделген мерзімінен бұрын кеткен кезде адамдарды уақытша тіркеуден шығару тұргын үй, ғимарат немесе үй-жай иесінің (сенім білдірілген адамның) не ішкі көшіп-қонушының өтініші бойынша ресімделеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.06.2017 № 364 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - 04.02.2020 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

14. Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

15. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің Қарулы күштерінің әскери қызметшілерін тұрғылықты жері бойынша тіркеу әскери қызметшілердің паспорттары және жеке куәліктері бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 757 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау, заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының жекелеген жергілікті жерлерінде тұрғылықты жерді таңдауда және

жүріп-тұру бостандығына шектеулер белгіленеді. Өзге шектеулер белгілеуге жол берілмейді.

Ерекше режим жағдайындағы елді мекендерде (жабық әкімшілік-аумақтық құрылымдарда) тұрақты тұратын немесе уақытша болатын жерге келген ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу үшін белгіленген тәртіппен құзыретті органдар беретін рұқсат ұсынылады. Бұл ретте уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері шекара аймағы аумағында тұрақты тұратын адамдарға паспорттарына, жеке қуәліктеріне олардың шекара аймағында тұратынын раставитын құжат береді.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 343 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Қаулысымен.**

17. Тұрғылықты жерін тандауда шектеу белгіленген жергілікті жерлерде жақын туыстарына тұрақты тұруға келген, уақытша болмаған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған (егер олар сottалғанға дейін осы жерде тұрса) адамдарды тіркеуден бас тартылмайды.

Сайлау құқығын іске асыру және азаматты "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес сайлаушылар тізіміне енгізу мақсатында тұрғын үй, ғимарат немесе үй-жай иесінің өтініші негізінде тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған адамдарды сайлау күні сайлау участкесінің мекенжайындағы ғимаратта немесе үй-жайда тіркеуге жол беріледі.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 22.10.2022 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 1427 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй-жай беру, жалдау және пайдаланудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі № 1292 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 44, 401-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген "Жергілікті атқарушы органдардың қарамағындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй-жай беру, жалдау және пайдалану тәртібі туралы" нұсқаулықта:

7- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алуды тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

Есепке қою үшін тұрғын үйге мұқтаж азаматтар жергілікті органдарға:

- 1) атқарушы органдар белгілейтін нысан бойынша есепке қою туралы өтініш;
- 2) өтініш берушінің тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және (немесе) ауылдық округ әкімінің анықтамасын);
- 3) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқа адамдарды отбасы мүшелері деп тану туралы жергілікті атқарушы органдардың анықтамасын;
- 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі аумақтық органдарға (өтініш берушінің және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқығында оларға тиесілі үй-жайдың жоқ екені туралы) анықтамасын;
- 5) өтініш берушінің (отбасының) әлеуметтік қорғалатын азаматтарға тиесілілігін растайтын анықтамасын не мемлекеттік қызметшінің, бюджеттік үйым қызметкерінің, әскери қызметшінің жұмыс орнынан (қызметінен) анықтама ұсынады.

Қажет болған жағдайда өтініш беруші қосымша тұрғын бөлмеге құқық беретін мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінің отбасында ауыр сырқат түрімен ауыратын адам бар екені туралы анықтамасын ұсынады".

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 852 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.09.2015 № 765 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.06.2015 № 408 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 297 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.27 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2015 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1500 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9. "Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шенберінде салынған тұрғын үйлерді сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 шілдедегі № 711 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 10-11, 134-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шенберінде салынған тұрғын үйлерді сату ережесінде:

5- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды қабылдауды бастау белгіленген күннен бастап Қазақстан Республикасының азаматтары уәкілдеме органға осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш және мынадай құжаттарды береді:

1) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің жеке қуәліктерінің нотариалды қуәландағылған көшірмелері;

2) мемлекеттік қызмет өтілін, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мекемедегі немесе мемлекеттік кәсіпорындағы жұмыс өтілін көрсете отырып, өтініш берушінің (ерінің/жұбайының) осы елді мекендегі жұмыс орнынан анықтама;

3) некеге тұру (некені бұзу, ерінің/жұбайының қайтыс болғаны туралы қуәліктің) және балаларының тууы туралы қуәліктердің (мұндайлар бар болған жағдайда) нотариалды қуәландағылған көшірмесі;

4) кадр қызметі растиған еңбек кітапшасының көшірмесі немесе қызметтік тізімінен үзінді көшірмесі;

5) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растистын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);

6) құжаттар тапсырылған айдың алдындағы соңғы 12 айдағы қарыз алушының (бірлесіп қарыз алушының) жұмыс орнынан жалақы туралы анықтама;

7) құжаттар тапсырылған айдың алдындағы соңғы 12 айдағы жеке шот бойынша ақшаның қозғалысы туралы анықтама (мүшелері мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлері болып табылмайтын жас отбасы санаты үшін);

8) жүктілігі туралы анықтама (қажет болған жағдайда);

9) мүгедектігі туралы анықтама (қажет болған жағдайда);

10) сот орындау парактары және банктік қарыздар бойынша міндеттемелері болған кезде қарыз шартының және (немесе) сот шешімінің көшірмелері.

Осы құжаттар тізбесі жеткілікті болып табылады".

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 603 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. "Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғын үй берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қыркүйектегі № 1482 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 40, 391-құжат)

:
көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру ережесінде:

6- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою үшін мемлекеттік кәсіпорынның қызметкерлері мемлекеттік кәсіпорын әкімшілігіне:

1) мемлекеттік кәсіпорын әкімшілігі белгілейтін нысан бойынша есепке қою туралы өтініш;

2) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің жеке қуәліктерінің нотариалды қуәландағылған көшірмелерін;

3) өтініш берушінің (жұбайының/жарының) сол елді мекендеғі жұмыс орнынан анықтаманы;

4) некеге тұру туралы (некені бұзу, жұбайының/жарының қайтыс болуы туралы қуәліктің) және балалардың тууы туралы (болған жағдайда) қуәліктің нотариалды қуәландағылған көшірмесін;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органының (өтініш берушінің және онымен ұдайы бірге тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқығында оларға тиесілі үй-жайдың жоқтығы туралы) анықтамасын;

6) еңбек кітапшасының кадр қызметі растиған көшірмесін немесе қызметтік тізімінен үзіндін;

7) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін раставтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын) ұсынады.

Кажет болған жағдайда өтініш беруші мемлекеттік денсаулық сақтау мекемесінің отбасында ауыр сырқат түрімен ауыратын адамның болуы туралы анықтамасында тапсырады, бұл қосымша тұрғын бөлмеге құқық береді".

12. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 131 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.01.2024 № 45 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.31 N 1119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.02.2014 № 80 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.03.2014 № 217 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2011 ж., № 32, 391-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген "Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартында:

11-тармақтың 5- тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);";

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) көрсетілген қаулымен бекітілген "Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартында:

11-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);";

4) көрсетілген қаулымен бекітілген "Жалғызлікті, жалғыз тұратын қарттарға, бөгде адамның күтіміне және жәрдеміне мұқтаж мүгедектерге және мүгедек балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартында:

11-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);";

5) көрсетілген қаулымен бекітілген "Ауылдық жерде тұратын әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет стандартында:

11-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);".

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.03.2014 № 185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. "Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру қағидасында:

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);".

21. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
22. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
23. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
24. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК